

**Қазақ тілі оқытушысының 2022 - 2023 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру үйімі : ЖШС "Зейінді бала" балабақшасы

Топ: «Құлыншақ» ересек топ

Балалардың жасы: **4-5 жас.**

Жоспардың құрылу кезеңі: сәуір айы, 2022-2023 оқу жылы.

Aйы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Сәуір	Қазақ тілі	<p>- ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру;</p> <p>- Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы түрлі балалар әрекетінде балалардың ауызша сөйлеуін дамыту.</p> <p>Тілдік дамытуши орта.</p> <p>Айналасындағы өзін қоршаган ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру.</p> <p>Ұжымдық әңгімеге қатысуға, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеуге үрету. Бейнелеу құралдарын қолдана отырып, еркін ойындарда және сахналық қойылымдарда адамдар мен жануарлардың эмоционалды көңіл-күйін жеткізуге, сөйлесу барысында әңгімелесушінің назарын өзіне аудару үшін интонациямен сөйлеу мәнерін өз бетінше қолдану.</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</p> <p>Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән "ө, қ, ү, ұ, і" дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуда.</p> <p>Сөздік қор.</p> <p>Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпактар жаттату, жұмбақтар шешкізу. Шығарманы жеткізуде оның мазмұны мен сипатына сәйкес түрлі</p>

интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, мәнерлеп айтуға баулу.

Тілдің грамматикалық құрылымы.

Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуге үйрету.

Байланыстырып сөйлеу.

Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы, лепті, бүйрықты сөйлемдермен жауап беруге, өзі мен құрдастарының жауабындағы қателіктерді және жауаптың дұрыстығын ажыраты білуге және дұрыс жауабын ұсынуға, бір-біріне неге, не үшін деген зерттеу сипатындағы сұрақтарды қоюға, бір-бірімен еркін диалог құруға, еркін талқылауға мумкіндік беру.